

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 273 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 мамырдағы N 590 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1482 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1482 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 наурыздағы N 273 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Қазақстан Республикасының Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті кеңесінің құрамына:

Шәмшидинова - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төрағаның орынбасары;

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік сала шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры

Әжіметов - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Оңтүстік Қазақстан аумақтық мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

е н г і з і л с і н ;

көрсетілген құрамнан: Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева, Батырхан Арысбекұлы Исаев, Ғани Әлімұлы Қалиев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі